

Хасен Сәрінжіпұлы атындағы ЖББМ

**Қоғамдық –
гуманитарлық
пәндер бірлестігі**

2023 – 2024 оқу жылы



«Бекітемін»
Мектеп директорының м.а
Е.Г. Аманбеков
2023 ж.

**2023 – 2024 оқу жылына арналған қоғамдық - гуманитарлық пәндер
бірлестігінің
жылдық жұмыс жоспары**

Мақсаты:

- Жеке тұлғаны жан-жақты тәрбиелеу, білім технологияларын жүйелі еңгізу, мұғалімдердің кәсіби шеберлігінің шыңдалып өсуіне, жан-жақты жетілуіне бағыт-бағдар беру.
- Жан-жақты дамыған, өзіндік танымдық дағдылары қалыптасқан, шығармашылық қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу жұмысының озық әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану.
- Дүниетанымы дамыған, еліміздің әдет-ғұрпын құрметтей білетін, жан-жақты білімді де саналы парасатты тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамыту бағытында жасалған педагогикалық ғылым мен іс-тәжірибедегі жетістіктерді оқып үйрену.
- Мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін шыңдауын және өзін-өзі жетілдіруін қамтамасыз ету.
- Тілдерден оқушылардың білімі мен біліктілікті, дағдыны сапалы игеруді қамтамасыз ету жолында оқу-дамыту ортасын құру.
- Қазіргі заман талабына сай оқушылардың білімін жан-жақты тереңдету арқылы оқушылардың ізденімпаздық қабілеттерін дамыту.
- Дарынды оқушылармен жұмысты жандандыру.
- Пән мұғалімдерінің сапалығын көтеру.

№	Өткізілетін іс-шаралар	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	Қоғамдық-гуманитарлық әдістемелік пәндер бірлестігінің 1 отырысын өткізу	тамыз	Оқу ісінің меңгерушісі Бірлестік жетекшісі
2	2023-2024 оқу жылының ӘБнің жұмыс жоспарын қарастыру, нұсқау хатымен танысу. Пән бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған күнтізбелік, факультатив жоспарларын бекіту.	тамыз	Бірлестік жетекшісі
3	2023-2024 оқу жылының жұмыс	Қыркүйек	Бірлестік мүшелері

	сараптамасымен танысу.		
4	Нормативтік құжаттармен танысу, жаңа оқу бағдарламасы, бақылау жұмыстарының мөлшері, кабинет дайындығы, мұғалімдердің оқу әдістемелік қоры.	Қыркүйек	Бірлестік жетекшісі
5	ҚР Халықаралық тілдер күніне арналған «Тіл-ұлттың тірегі» атты онкүндік өткізу	қыркүйек	Бірлестік жетекшісі, пән мұғалімдері
6	Аудандық «Clever» олимпиадасына қатысу	қыркүйек	Бірлестік мүшелері
7	Республикалық «Мәңгілік ел» жастар қорының ұйымдастыруымен «Мағжан оқуларына» қатысу (онлайн)	қыркүйек	Пән мұғалімдері
8	Мұғалімнің өзіндік білім көтеру жоспарларын қарау	қазан	Бірлестік жетекшісі
9	Аудандық «Сәкен оқулары» байқауына қатысу	қазан	Бірлестік мүшелері
10	Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру	қазан	Бірлестік мүшелері
11	Таңдау бойынша курстарының өтіліуін бақылау	қазан	Бірлестік мүшелері
12	Балалардың шығармашылығын дамыту, олардың сауатты сөйлеуі мен дұрыс жазуын қалыптастыру мақсатында кітап оқуды ұйымдастыру	Үнемі	Бірлестік мүшелері
13	Мектепшілік олимпиада өткізу	қазан	Қазақ тілі, Орыс тілі және әдебиет пәндерінің мұғалімдері
14	Қоғамдық-гуманитарлық әдістемелік пәндер бірлестігінің 2 отырысын өткізу	қараша	Оқу ісінің меңгерушісі Бірлестік жетекшісі
15	I тоқсандық білім сапасының қорытындысы, БЖБ, ТЖБ анализдерін талдау	қараша	Пән мұғалімдері
16	Білім берудің сыныптық-сабақ жүйесі шегіндегі тәуекел тобы оқушыларының сабақтар мен қосымша сабақтарға қатысуын тексеру	қараша	Бірлестік мүшелері
17	Үй тапсырмасының көлемін бақылау	қараша	Пән мұғалімдері
18	Аудандық және облыстық олимпиадаға дайындық жұмыстарын жүргізу	Желтоқсан	Қазақ тілі, Орыс тілі және әдебиет пәндерінің мұғалімдері
19	Өзара сабаққа қатысу	Желтоқсан	Пән мұғалімдері
20	5-7 сыныптардағы оқу жылдамдығы мен	Желтоқсан	Оқу ісінің меңгерушісі

	мәнерін тексеру		Бірлестік жетекшісі
21	Тәуекел тобы оқушыларының жеке пәндер мен тақырыптар бойынша білім игеруін бақылау кезіндегі дифференциалды жағдайды қамтамасыз ету	Желтоқсан	Пән мұғалімдері
22	Оқушылардың дәптерлерін тексеру және жазба жұмыстарын жасау, орфографиялық заңдылықтарды сақтау бойынша төменгі санаттағы оқушылардың жазбаша жұмыстарына талаптарын сақтауды талдау	Желтоқсан	Пән мұғалімдері
26	Қоғамдық-гуманитарлық әдістемелік пәндер бірлестігінің 3 отырысын өткізу. I жартыжылдықтың қорытындысы. БЖБ, ТЖБ нәтижелерін талдау	Қаңтар	Бірлестік жетекшісі
27	Вариатив сабақтарының өтілуі барысы туралы мәлімет	Қаңтар	Бірлестік мүшелері
28	«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары» Баяндама	Қаңтар	Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Тоганбаева М.С.
29	Қоғамдық-гуманитарлық әдістемелік пәндер бірлестігінің 4 отырысын өткізу.	Ақпан	5 – 9 сыныптарға беретін пән мұғалімдері
30	Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығын өткізу. Нәтижелерін талдау	Ақпан	Пән мұғалімдері
31	ҰБТ-ға дайындықтың нәтижесі	Үнемі	Пән мұғалімдері
32	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің жұмысын тыңдау	Ақпан	Бірлестік жетекшісі
33	«Үздік авторлық бағдарлама» жаңашыл, шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдерді анықтау	Ақпан	Пән мұғалімдері
34	Бірлестік мұғалімдерінің өзара сабаққа қатысуларын қадағалау	Үнемі	Бірлестік жетекшісі Оқу ісінің меңгерушісі
35	«Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында ойын түрлерін қолдану» (баяндама)	Ақпан	Бірлестік жетекшісі Сыздыкова М.Е.
36	«Менің атым-Қожа» тақырыбына оқырмандар конференциясы	Ақпан	Қазақ тілі мұғалімі Тұрсынова Л.А.
37	Қоғамдық-гуманитарлық әдістемелік пәндер бірлестігінің 5 отырысын өткізу. III тоқсан қорытындылары бойынша білім	Наурыз	Бірлестік жетекшісі Оқу ісінің меңгерушісі

	сапасына талдау жасау		
38	Оқушыларды ғылыми жобалар байқауына қатыстыру	Сәуір	Пән мұғалімдері
39	ҰБТ-ға дайындықтың жүргізілу деңгейін бақылау	Сәуір	Бірлестік жетекшісі Оқу ісінің меңгерушісі
40	«Тарих сабағында АКТ-ні қолданудың маңызы» тақырыбында баяндама	Сәуір	Тарих пәнінің мұғалімі Алишев А.Қ.
41	Қоғамдық-гуманитарлық әдістемелік пәндер бірлестігінің 6 отырысын өткізу. IV тоқсан, жылдық қорытындысының нәтижелерін диагностикалау	Мамыр	Бірлестік жетекшісі Оқу ісінің меңгерушісі
42	9 – 11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау жұмыстарын бақылау. Емтихан материалдарының мемлекеттік стандарттық бағдарламалық талаптармен сәйкес келуі	Мамыр	Бірлестік жетекшісі Оқу ісінің меңгерушісі
43	Консультациялар кестесін құру, ассистенттерді белгілеу, емтихан дайындығын қамтамасыз ету.	Мамыр	Бірлестік жетекшісі Оқу ісінің меңгерушісі
44	Келесі оқу жылында аттестациядан өтетін мұғалімдерді анықтау	Мамыр	Бірлестік жетекшісі Оқу ісінің меңгерушісі
45	2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік бірлестік жұмысының қорытынды есебі	Мамыр	Бірлестік жетекшісі

Гуманитарлық піндер бірлестігінің отырыс

ХАТТАМАСЫ № 1

29 тамыз 2023 жыл

1. 2023-2024 оқу жылындағы ӘБ жұмысын талдау. 2023-2024 оқу жылына арналған ӘБ тапсырмалары мен мақсаты;
2. 2023-2024 оқу жылындағы тақырыптық күнтізбелік жоспарды, факультатив бағдарламаларын бекіту, ӘБ жұмыс жоспарын бекіту;
3. Әдістемелік нұсқау хатпен танысу;
4. Мұғалімдерді жүктемесімен таныстыру;
5. Бақылау жұмыстарының мөлшері, кабинет дайындығы, мұғалімдердің оқу әдістемелік қоры
6. Апталық және «Тілдер мерекесінің» жоспарын талқылау;

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі М.Е.Сыздыкова тыңдалды. 2023-2024 оқу жылындағы ӘБ жұмысын талдау жасап, оқу жылына арналған ӘБ мақсатымен, жұмыс жоспарымен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша, бірлестік мүшелері жаңа оқу жылына тақырыптық күнтізбе, факультатив жоспарын бекітуге көрсетті.

Үшінші мәселе бойынша М.Е.Сыздыкова 2023-2024 оқу жылына ҚР жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.

Төртінші мәселе бойынша, бірлестік мүшелері 2023-2024 оқу жылындағы жүктемемен таныстырылып, электронды журналға күнтізбелік жоспарды жүктеу бойынша нұсқаулықтарды айтып өтті.

Бесінші мәселе, бойынша М.Е.Сыздыкова сөз алып, мұғалімдердің бақылау жұмыстарының арнайы жоспары құрастырылуы тиістігін айтып өтті. Сондай-ақ, оқу кабинеттері талаптарға сәйкес болуы керектігін ескертті және мұғалімдерінің білім көтеру тақырыптары мен сабақта қолданылатын технологияларымен таныстырды. Пән мұғалімдерінің таңдаулары бойынша жаңа әдіс-тәсілдер мен технологиялар қолдану қажеттілігіне баса назар аударды.

Алтыншы мәселе бойынша, апталық және «Тілдер мерекесінің» жоспарын талқыланды. Нәтижесінде апталық 5.02-9.02.24 ж аралығына жоспарланды. Бұндағы негізгі мақсатымыз– оқушылардың мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру. Сондықтан пән мұғалімдеріне жоспарға сәйкес ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды жоғары деңгейде өткізу керектігі сөз болды.

Қазақстан халқы тілдері күні — 5 қыркүйекте атап өтілетін мемлекеттік мереке. Тілдер күнін белгілеу үшін Қазақстан 20 жылдан астам уақыт бұрын ойлана бастады. Талқылаудың нәтижесі Қазақстан халықтарының тілдері күні деп аталатын мереке құру болды. 1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақстанда "Тілдер туралы" заң қабылданған. 1998 жылдың 20 қаңтарында ҚР президенті Нұрсұлтан Әбішұлы

Назарбаевтың жарлығымен 22 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдерінің күні болып жарияланды. 2017 жылы мереке күні өзгертілді. Содан бері 5 қыркүйек - Қазақстан халықтарының тілдері күні. Осы айтулы мерекеге орай іс-шаралар жоспары талқыланып, бекітілді.

Шешімі:

1. 2023-2024 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын бекітілсін.
2. 2023-2024 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарлары бекітілсін.
3. Бірлестік мүшелері жұмыс барысында әдістемелік нұсқаулықты негізге алсын.
4. Пән мұғалімдерімен берілген жүктемеге сәйкес өз сыныптарында талапқа сай сабақтар жүргізілсін.
5. «Тілдер мерекесінің» жоспары бекітілсін.
6. Жоспарға сай іс-шаралардың өтілуін қадағалау М.Е.Сыздыковаға жүктелсін.

Бірлестік жетекшісі:

Хатшы:



М.Е.Сыздыкова

М.С.Тоганбаева

Гуманитарлық пәндер бірлестігінің отырыс

ХАТТАМАСЫ № 2

6 қараша 2023 жыл

Күн тәртібі:

1. I тоқсандық білім сапасының қорытындысы, БЖБ, ТЖБ анализдерін талдау
2. Аудандық және облыстық олимпиадаға дайындық жұмыстарын жүргізілуін қадағалау
3. Мұғалімдердің өзара сабаққа қатысуларын талқылау
4. 5-7 сыныптардағы оқу жылдамдығы мен мәнерін тексеру, оқушылардың дәптерлерін тексеру және жазба жұмыстарына талдау жасау

Тыңдалды:

Сыздыкова М.Е.– Әб жетекшісі күн тәртібінде белгіленген **бірінші мәселе бойынша** I оқу тоқсанының қорытындысына тоқталды. I тоқсан қорытындысы бойынша қазақ тілінен 69%, қазақ әдебиетінен 64%, орыс тілі мен әдебиетінен 70%, Қазақстан тарихынан 69%, ағылшын тілінен 66% білім сапасын көрсеткендігін айтып өтті. Жалпы алғанда төменгі сапада қазақ әдебиеті пәнінен байқалады. Сондықтан үлгерімі төмен оқушылармен жекелей жұмыс жасау қажеттігін ескертіп өтті.

Екінші мәселе бойынша аудандық және облыстық олимпиадаға дайындық жұмыстарын жүргізілуін қадағалауды бірлестік жетекші сөз етті. Мектепшілік олимпиададан орын алған оқушылар аудандық және облыстық олимпиадаға дайындық жұмыстарын жүргізуді бастап, пән мұғалімдері әр оқушымен жеке жұмыс жасау керектігіне баса назар аударды. Мектеп басшылығы олимпиадаға қатысатын оқушыларды қатты қадағалауды ескертті, басқа пәндерге қатысатын оқушылар екінші пәнге қатыспауын қадағалауды ұйғарды

Үшінші мәселе бойынша мұғалімдердің өзара сабаққа қатысулары туралы бірлестік жетекші сөз қозғады. Қазіргі таңда мұғалімдердің өзара сабаққа қатысуы бәсеңдеп кетуі жөнінде сөз қозғады. Жас мамандарға өзара сабаққа қатысу керектігіне баса көңіл аударуларын сұрады. Қоғамдық – гуманитарлық пән мұғалімдеріне ашық сабақ, сыныптан тыс жұмыс өткізген кезде бір-бірлерінің сабақтарына қатысып, пікір алмасып, сабақтағы кемшіліктерін айтып, сабақта көрсетілген әдіс-тәсілдерімен бөлісуді сөз етті.

Төртінші мәселе бойынша 5-7 сыныптардағы оқу жылдамдығы мен мәнерін тексеру, оқушылардың дәптерлерін тексеру және жазба жұмыстарына талдау жасау керектігі туралы бірлестік жетекші сөз қозғады. Әр сыныпта оқу жылдамдығы, мәнерлеп оқуы төмен оқушылар кездесетіндіктен, пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне мектептегі кітапханадан оқушыларға кітап алып, тіл байлықтарын, тілдік қорын дамытуға көңіл бөліп, қадағалауды сұрады. Әр пән мұғалімдерінен оқушылардың дәптерлерін уақытылы тексеруді талап етті. Оқушылардың жазба жұмыстарын үнемі талдап, қатемен жұмыс жасауды, көркем, таза жазуға қалыптастырып ерекше мән беруін сұрады.

Шешімі:

1. Үлгерімі төмен оқушыларымен жекелей жұмыстар жүргізіліп, қадағалансын
2. Әр пән бойынша өткізілген олимпиада қорытындысына байланысты облыстық пән олимпиадасына жан-жақты нәтижелі даярлықтар жүргізу.
3. Мұғалімдердің өзара сабаққа қатысулары қадағалансын
4. 5-7 сыныптардағы оқу жылдамдығы мен мәнерін үнемі тексеріліп, оқушылардың дәптерлерін тексеру және жазба жұмыстарына талдау жасап отырылсын.

Бірлестік жетекшісі:

Хатшы:



М.Е.Сыздыкова

М.С.Тоганбаева

Гуманитарлық пәндер бірлестігінің отырыс

ХАТТАМАСЫ № 3

15 қаңтар 2024 жыл

Күн тәртібі:

1. I жартыжылдықтың қорытындысы, БЖБ, ТЖБ нәтижелері талдау
2. Вариатив сабақтарының өтілуі
3. М. С. Тоганбаеваның «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары» атты баяндамасын тыңдау
4. Ақпанда өтетін қоғамдық-гуманитарлық пәндер апталығының өтілуі туралы.

Тыңдалды:

Бірлестік жетекші Сыздыкова М.Е. күн тәртібінде белгіленген **бірінші мәселе** бойынша I жартыжылдықтың қорытындысына тоқталды. II тоқсан қорытынды бойынша қазақ тілінен 70%, қазақ әдебиетінен 72%, орыс тілінен 72%, Қазақстан тарихынан 70%, ағылшын тілінен 64% білім сапасын көрсеткендігін айтып өтті. Қоғамдық – гуманитарлық пәндерінің I және II тоқсан бойынша қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі, Қазақстан тарихынан өсу динамикасын байқауға болатынын айтты. Ағылшын тілінен грамматикалық тапсырмаларды орындауда біраз қиындықтар кездесті, сол себепті, I тоқсанға қарағанда II тоқсанда сапа 2% төмендеген деп айтып өтті. Әлі де болса оқушылармен дербес жұмыс түрлерін ұйымдастырып, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу қажеттігін атап өтті. БЖБ, ТЖБ анализдері «Білімал» электронды жүйесіне әр пән мұғалімдері үнемі жүктеп отыру керектігіне баса назар аударды.

Екінші мәселе бойынша бірлестік жетекші мұғалімдердің вариатив сабақтарының өтілуі туралы сөз қозғады. 2023 – 2024 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының 5-11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» курсы енгізілгенін айтып өтті. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша тарих пәнінің мұғалімі Алишев А.К. сөз сөйлеп, 5 сыныпта «Парасат және әдеп», 7 сыныпта «Азамат және патриотизм», 8 сыныпта «Медиасауттылық» вариатив сабақтары аптасына бір рет өткізетіндігін туралы айтып өтті. Жоспарға сәйкес «Білімал» электронды жүйесіне вариативтің тақырыптық жоспарлар енгізіліп, мерзімінде толтырылып тұратынын да сөз етті.

Үшінші мәселе бойынша қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі М. С. Тоганбаева «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары» атты баяндамасын оқыды. **Өз баяндамасында:** «Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Жолдауында «Бесекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керектігін айтып өтті. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылығы жеткіліксіз болып қалғаны қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» деп атап көрсеткен болатындығын айтып өтті. **Функционалдық сауаттылық** – мектепте алған білімдерін, іскерлік дағдыларын, адами іс әрекеттердің әр түрлі

салаларында сондай-ақ тұлға аралық қарым-қатынастарды өмірлік міндеттерін шешу үшін пайдалану болып табылады. Қазіргі заман талабына сай жан-жақты, зерделі, дарынды, талантты адамдарды қалыптастыруда білім беру мәселесі, оның оқыту жүйесін үйлестіре алу міндеті туындап, жаңа талаптар қойылатындығын. Соған орай ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру керектігін атап өтті.

Төртінші мәселе бойынша ақпанда өтетін қоғамдық-гуманитарлық пәндер апталығының өтілуі туралы бірлестік жетекші сөз қозғады. Ақпан айының 12.02 – 16.02 аралығында қоғамдық-гуманитарлық пәндер апталығы жоспарлы түрде өтуі және апталықта пән мұғалімдерінің ашық сабақ өткізу керектігін айтып өтті. Сабаққа жан-жақты дайындалып, жаңа технологияларды пайдалануына баса назар аударды.

Шешімі:

1. I жартыжылдықтың қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін
2. Вариатив сабақтар жоспар бойынша өткізіліп, мерзімінде толтырылсын
3. Ақпанда қоғамдық-гуманитарлық пәндер апталығы жоспарға сәйкес өткізіліп, тақырыбы бекітілсін.

Бірлестік жетекшісі:

Хатшы:



М.Е.Сыздыкова

М.С.Тоганбаева

Гуманитарлық пәндер бірлестігінің отырыс

ХАТТАМАСЫ № 4

28 ақпан 2024 жыл

Күн тәртібі:

1. Қоғамдық-гуманитарлық пәндер апталығының қорытындысы
2. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің жұмысы туралы
3. Бірлестік жетекші М.Е.Сыздықованың «Орыс тілі мен әдебиет сабақтарында ойын түрлерін қолдану» атты баяндамасын тыңдау
4. Бірлестік мұғалімдерінің өзара сабаққа қатысуларын қадағалау туралы

Тыңдалды:

Бірлестік жетекші Сыздыкова М.Е. күн тәртібінде белгіленген **бірінші мәселе** бойынша қоғамдық-гуманитарлық пәндер апталығының қорытындысын баяндады. Ақпан айының 12.02 – 16.02 аралығында қоғамдық-гуманитарлық пәндер апталығы жоспарлы түрде өткенін айтып өтті. Апталықтың тақырыбы: «Тіл мен тарих – ғасырлар куәсі». Мақсаты: Оқушылардың тілге қызығушылықтарын арттыра отырып, білім-біліктілік дағдыларын қалыптастыру, белсенділігі мен іздемпаздығын арттыру. Апталықтың ашылуынан бастап, ашық сабақтар мен жоспарланған іс-шаралар легі белсенді әрі жауапкершілікпен өткеніндігін баяндады. Сондай-ақ, әр сабақта кеткен кемшіліктер айтылып, ұсыныстар еңгізілгенін де айтып өтті. Жалпы гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығы жоспарланған мақсаттарына жетіп, міндеттерін толық атақарғанын сөз етті. Барлық өткізілен іс-шаралар, ашық сабақтар мектептің инстаграм парақшасына салынып отырғанын да айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша аттестациядан өтетін, жаңашыл, шығармашылықпен жұмыс істейтін мғалімдерді анықтау туралы болды. Пән мұғалімдер мен бірлестік жетекшісі бірауыздан қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Тоғанбаева Мадина Сағатқызын ұсынды. Бірлестік жетекші Сыздыкова М.Е. Тоғанбаева Мадина Сағатқызы өзінің педагогикалық қызметінде қазақ тілі мен әдебиет пәнін оқытудың ұйымдастыру түрлері мен әдістерін үнемі жетілдіріп, заман талабына сай келетін технологияларды қолданып тұратындығын, мұғалімнің біліктілігін түрлі деңгейдегі оқушылардың олимпиадалары, байқауларынан көруге болатындығын айтып өтті. Сол себепті, келесі оқу жылына аттестациядан өтуге толық мүмкіндігі бары екені анықталды.

Үшінші мәселе бойынша бірлестік жетекші Сыздыкова М.Е. «Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында ойын түрлерін қолдану» атты баяндама оқыды. Өзінің баяндамасында: «Қазақ тілді ортада орыс тілінен сабақ берудің өзіндік қиыншылықтары аз емес, себептері сан қилы: тілдік орта жоқ, сабақтан басқа жерде олар орыс тілінде сөйлемейді. Орыс тілі пәнінен сабақ беру барысында қазақ тілді оқушыларды қарым – қатынас жасай білуге жетелеу мұғалімнің алдында тұрған басты міндеттердің бірі екенін айтып өтті. Мұндай міндетті шешудің жолдарын ойластырып, сабағында оны тиімді қолдана білу үшін мұғалімнің көп ізденері айғақ. Осындай мақсатты шешу жолында мұғалім көбіне ойындарға жүгінгені абзал. Себебі, мұндай ойындар оқушының ой – өрісін дамытып, сабақты жандандырып, тіл үйренушінің пәнге деген қызығушылығын

арттыра түседі. Әрі ойынның бұдан маңыздырақ жағы да бар. Ол ең алдымен – қатысымдық. Жақсы ұйымдастырылған ойын тілді меңгеру үшін барынша жағдай жасайтындығын» айтып өтті.

Төртінші мәселе бойынша бірлестік жетекші бірлестік мұғалімдерінің өзара сабаққа қатысуларын қадағалау туралы сөз қозғады. Бірлестік мұғалімдерінің өзара сабаққа қатысуларын үнемі қадағаланып отырғандығын айтып өтті. Мұғалімнің әрбір сабаққа дайындығы күрделі де жауапты жұмысты қажет етеді, сол себепті аталған пән бойынша белгілі мерзімдегі оқу үлгерімі туралы түсінік беретін оқу журналымен танысу, сондай-ақ алдыңғы сабақта өткен тақырыппен танысу, білімді бағалау жүйелілігі уақыттылығына назар аударылып отырғандығын сөз етті. Сабаққа қатысу үшін сабаққа қатысу парақтары әзірленгені, әрбір сабақты талдау пән мұғалімдерімен жекелей өткізіліп отыратындығын айтып өтті

Шешімі:

1. Гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығы қорытындысы жақсы деп бағалансын
2. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің жұмысы үнемі талданып отырсын
3. Бірлестік мұғалімдерінің өзара сабаққа қатысуларын үнемі қадағаланып отырсын

Бірлестік жетекшісі:

Хатшы:



М.Е.Сыздыкова

М.С.Тоганбаева

Гуманитарлық пәндер бірлестігінің отырыс

ХАТТАМАСЫ № 5

3 сәуір 2024 жыл

Күн тәртібі:

1. III тоқсандық білім сапасының қорытындысына талдау жасау
2. Оқушыларды ғылыми жобалар байқауына қатыстыру
3. ҰБТ-ға дайындықтың жүргізілу деңгейін бақылау
4. Тарих пәнінің мұғалімі Алишев А.Қ. «Тарих сабағында АКТ-ні қолданудың маңызы» атты тақырыбында баяндамасын тыңдау

Тыңдалды:

Сыздыкова М.Е.– Әб жетекшісі күн тәртібінде белгіленген **бірінші мәселе бойынша** III оқу тоқсанының қорытындысына тоқталды. III тоқсан қорытындысы бойынша қазақ тілінен 76%, қазақ әдебиетінен 75%, орыс тілі мен әдебиетінен 69%, Қазақстан тарихынан 75%, ағылшын тілінен 65% білім сапасын көрсеткендігін айтып өтті. Екінші тоқсанмен салыстырғанда орыс тілі мен ағылшын тілінен сапаның сәл төмендегенін байқауға болатындығын сөз етті. Оның себебі, кейбір оқушылар жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалауда грамматикалық тапсырмалардың күрделі болғандығы және орындауда көп қателіктер жібергеніндерін баяндады.

Екінші мәселе бойынша оқушыларды ғылыми жобалар байқауына қатыстыру туралы бірлестік жетекшісі сөз қозғады. Биылғы оқу жылында бірлестіктегі мұғалімдер ғылыми жоба тақырыбын оқушылармен бірге бірлесе отырып таңдап, жобаға дайындық жұмысын келесі оқу жылына жоспарланғанын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі **үшінші мәселе** бойынша ҰБТ-ға дайындықтың жүргізілу деңгейін бақылау туралы бірлестік жетекшісі сөз сөйлеп, жалпы 11 сыныпта 3 оқушы, оның екеуі ҰБТ сынағына бармайтындығын айтып өтті. 11-сыныптың оқу сауаттылығынан, Қазақстан тарихынан жыл басында жоспар жасалып бекітілгенін бірлестік жетекшісі сөз етті. Дайындық жұмыстары бекітілген кесте бойынша жүргізіліп отырды. 11-сыныптан бір оқушы, яғни Маркс Аслан тапсырады. Ай сайын тест тапсырып оқу сауаттылығынан «өте жақсы», Қазақстан тарихынан «жақсы» деген бағалардың алып отырғандығын пән мұғалімдер мәлімдеді.

Төртінші мәселе бойынша тарих пәнінің мұғалімі Алишев А.Қ. «Тарих сабағында АКТ-ні қолданудың маңызы» атты тақырыбында баяндамасын оқыды. Өзінің баяндамасында: Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу керектігін айтып өтті. Сол себепті тарихшы ұстаз өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік – құқықтық, психологиялық – педагогикалық,

дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан – жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуы қажет, әрі оқушылардың білімін арттыру үшін сабақта АКТ құралдарын қолдана білу керектігіне баса назар аударды.

Шешімі:

1. Келесі тоқсанда білім сапасы төмендеген пәндерге назар аударып, үлгерімі төмен оқушылармен үнемі жұмыс жасалып отырсын
2. Пән мұғалімдері оқушыларға ғылыми жұмысын жазуды жандандырсын
3. ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жүргізіп отырылсын

Бірлестік жетекшісі:

Хатшы:




М.Е.Сыздыкова

М.С.Тоганбаева

Гуманитарлық пәндер бірлестігінің отырыс

ХАТТАМАСЫ № 6

31 мамыр 2024 жыл

Күн тәртібі:

1. IV тоқсан, II жартыжылдық қорытындысының нәтижелерін диагностикалау
2. Білім алушыларды «Қазақ тілі» пәнінен 5-8, 10-сыныптарда аралық аттестаттау бойынша
3. 9 – 11 сынып оқушыларының емтиханға дайындық жұмыстарын бақылау
4. 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік бірлестік жұмысының қорытынды есебі тыңдау

Тыңдалды:

Бірлестік жетекші Сыздыкова М.Е. күн тәртібінде белгіленген **бірінші мәселе** бойынша II жартыжылдықтың қорытындысына тоқталды. IV тоқсан қорытындысы бойынша қазақ тілінен 70%, қазақ әдебиетінен 74%, орыс тілі мен әдебиетінен 67%, Қазақстан тарихынан 75%, ағылшын тілінен 70% білім сапасының көрсеткендігін айтып өтті. Қоғамдық – гуманитарлық пәндерінің III және IV тоқсан бойынша қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі, Қазақстан тарихынан білім сапаның сәл төмендегенін байқауға болатынын ескертті. Оның себебі кейбір оқушылардың оқу материалдарын, қиын тақырыптарды игере алмауы, үй тапсырмасының тұрақты түрде орындалмауында екенін тағы бір ескертті.

Екінші мәселе бойынша бірлестік жетекші білім алушыларды «Қазақ тілі», пәнінен 5-8, 10 -сыныптарда аралық аттестаттау туралы сөз бастады. Мамыр айының 27.05-30.05 күндер аралығында білім алушылардың аралық аттестаттау жаңартылған білім мазмұны бойынша емтихандар өтіп, негізгі орта білім беру деңгейінің 5-8, 10-сыныптарына «Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қамтығанын айтып өтті. Қазақ тілі пәнінің мұғалімдері Тұрсынова Л.М мен Тоғанбаева М.С емтихан материалдарын өздері дайындап, дайындалған тапсырмаларға сай критерий, дискриптор мен рубрика құрастырғандарын сөз етті. Емтихан тапсырмаларының мазмұны қазақ сыныптары үшін «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым (эссе) түрінде болғанын айтып өтті. Жаңа оқу жылында білім алушылардың білімдегі олқылықтарды жою мақсатында жұмыс жасауда емтиханның қорытынды нәтижелері басшылыққа алынғанын пән мұғалімдері ескертті.

Үшінші мәселе бойынша 9 – 11 сынып оқушыларының емтиханға дайындық жұмыстарын бақылау бойынша бірлестік жетекші сөз бастады. 9, 11 сыныптардың қорытынды аттестаттау бойынша іс-шаралар жоспары жасалынып, мектеп басшысымен бекітілді. Мектеп басшылары 9 -11 сынып оқушылары мен ата-аналарына қорытынды аттестаттау мәселесі бойынша

түсіндірме жұмыстарын жүргізіліп, мектеп ішінде ақпараттық стендтер ілінгені туралы айтып өтті. Пән мұғалімдері ай сайын қорытынды емтиханға дайындық жұмыстарын жүргізіп эссе, жазба жұмыстарын ала отырып, мониторинг шығарып отырғандарын мәлімдеді. Мұғалімдердің қорытынды аттестаттауға дайындау папкалары жинақталған, қорытынды аттестаттау бойынша консультациялар жүргізіліп отырғандарын айтып өтті.

Төртінші мәселе бойынша бірлестік жетекші Сыздыкова М.Е. 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік бірлестік жұмысының жыл бойы атқарған қорытынды есебін оқыды. Өз есебінде қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің жұмысы жақсы нәтижерге ие болғанын айтып өтті. Биылғы оқу жылында оқушылар көптеген олимпиада, байқау, сайыстарға қатысып, жүлделі орындар алып, өздерін жақсы қырынан көрсеткенін айтып өтті. Бірлестіктің әр мұғалімі өзі сынып жетекшілік атқаратын сыныбымен жоспарлы жұмыстар жүргізіп, іс-шаралар өткізіп, білім мен тәрбиені қатар ұштастырып, өз білімдерін жетілдіру жолында талмай қызмет атқарып, тәжірибе алмасып отырғандарын сөз етті. II жартыжылдық қорытындысы бойынша бірлестік жұмысы жақсы деп бағаланып, жыл бойы бірлестік жұмысы жоспарға сай жүргізілгенін айтып өтті.

Шешімі:

1. Келесі оқу жылында пән мұғалімдері үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жандандырсын
2. Аралық аттестаттау жұмысы басшылыққа алынып, жақсы деп бағалансын
3. 9 – 11 сынып оқушыларының емтиханға дайындық жұмыстары күшейтілсін
4. 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік бірлестік жұмыс қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін

Бірлестік жетекшісі:

Хатшы:



М.Е.Сыздыкова

М.С.Тоганбаева